

**Петропавл қаласы әкімдігінің "Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру Ережелерін бекіту туралы" 2005 жылғы 11 сәуірдегі N 287 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігі 2006 жылғы 19 сәуірдегі N 583 тіркелді. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы әділет басқармасының 2006 жылғы 16 мамырда N 13-1-41 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасына сәйкес, кедейлікті жеңу және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қолдау көрсету мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан студенттерге әлеуметтік көмек беру Ережелерін бекіту туралы" N 287 қаулысына (2005 ж. 10.05. мемлекеттік тіркелу N 13-1-6), мынадай өзгертулер енгізілсін:

Ереженің 3 тармағындағы "ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен" сөздері "ағымдағы жылға бекітілген айлық есептік көрсеткіштің он еселігінен" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

*Қала әкімі*